

С.Д.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

Кафедра: Қоғамдық денсаулықты сақтау

**Тақырыбы: Ғылыми жұмыстың
ерекшеліктері. Ғылыми тану
принциптері. Медициналық ғылымның
негізгі терминдері, ҚДС ғылыми зерттеу
әдістері**



Орындаған: Сейіт А.
Қабылдаған:
Топ: 12-503
Факультет: ҚДС

Жоспар:

- I. Кіріспе
- II. Негізгі бөлім
 - Ғылыми іс-әрекет, оның мақсаты мен ерекшеліктері.
 - Ғылыми зерттеулердің түрлері.
 - Медицина ғылымының негізгі терминдері.
 - ҚДС ғылыми зерттеу әдістері.
- III. Қорытынды.

Кіріспе

- **Ғылым** - бұл табиғат, қоғам және ойлау туралы жаңа білімдерді алуға бағытталған зерттеу ортасы.
- Бүгінгі қоғамда барлық элементі мен салаларында ғылым мен техниканың маңызы зор. Қазіргі таңда қоғамның дамушы күші болып табылады.
- Материалды өмірдің әр түрлі ғылыми объектілерді зерттеуіне байланысты ғылым әртүрлі түрлерге бөлінеді
- XVI-XVII ғасырлардан бері ғылым объектісі бойынша емес, зерттеу бағытына қарай ерекшеленді.
- Ғылыми зерттеу институттары жүйесінде, ЖОО, кітапханада және т.б. құрылуына байланысты ғылым әртүрлі түрлерге жіктеледі. Мысалы: техникалық, экономикалық, философиялық, медициналық, педагогикалық ғылым т.б.

Қазақстан Республикасында ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру

- ҚР жоғарғы ғылыми мекемесі - елдің барлық ЖОО мен ғылыми мекемелеріне қоғамдық және жаратылыс ғылымы салалары бойынша ғылыми жұмыстарды іске асыратын **ҚР Ұлттық Ғылым Академиясы** болып табылады.
- ҚР ҰҒА тікелей ҚР Үкіметіне бағынышты. Академия мүшелерінің жалпы жиналысы олардың жоғарғы органдары болып табылады. Төрт жылда бір рет жалпы жиналыс академия жұмысына жетекшілік ждасайтын Президентті, Президиумды тағайындайды.

- Ғылыми жұмыстың мақсаты – іргелі және қолданбалы міндеттерді шешу.
- Іргелі ғылым табиғат пен қоршаған әлемнің ғылыми мәселелерін қарастырады, оның зерттеу пәні ретінде әлем мен бүкіл жаратылыс құрпылымының жалпы заңы мен ортақ заңдылықтары табылады. Бұл ғылымның маңызы ешқандай критерийлермен өлшенбейді, одан алынған нәтижелерді жақын уақытта қолдану мәселері қойылмайды.
- Қолданбалы ғылым іргелі ғылымның жетістіктеріне сүйене отырып, өмірге жақын түсінікті міндеттерді қарастырады. Мұнда ғылыми нәтижелерді іс жүзінде пайдалану негізгі міндет болып табылады, сондықтан бұл салаға жататын зерттеулерді бастар алдында “бұл кімге қажет?” деген сұрақтар қойылады.

- Жүргізіліп отырған жұмыстың түріне ұарай қолданбалы ғылым теориялық немесе эмпирикалық (тәжірибелік) сипат алады.
- Теория сипатына ие ғылыми жұмысты жүргізу барысында соңғы нәтижеге жету үшін әдебиет көздерінен ақпарат жинақталады, талданып, қорытылады, өңделеді, есептеледі, жаңа ой–пікір ұсынылып, болжау жасалады. Ғылыми жұмыстың мұндай әдісі дедуктивті әдіс деп аталады.
- Ғылыми іс-әрекеттің бұл түрінде зерттеушінің шығармашылық қабілеті, оның ақпараттық толықтығы, ақпараттың зор ағымынан тиісті қажет бөлігін дер кезінде табу қабілеті аса маңызды.

- Теория ғылыми жүзеге асуда арнайы жабдық пен бөлмелерді қажетсінбейді, зерттеуші ешкімнің көмегіне зәру емес, керек нәрсені өзі ақ қамти алады.
- Теория ғылымы өз кезегінде аналитика және өнертапқыш түріне бөлінеді,
- Аналитикалық ғылым белгілі бір түсініктер мен заңдарды математикалық өңдеудің есептеу әрекетінен құралады, мұның мақсаты – аталған заңдар мен құбылыстардың сандық сипаттамасын беру. Бұл зерттеулердің мақсаты – зерттеу объектісін жүзеге асырудың түрлі жағдайында бет алысын болжамдап математикалық байланыстылығын табу.
- Өнертапқыштық іс-әрекет бұған дейін беймәлім, белгі мен қасиеттер ашу арқылы зерттеу объектісіне қажетті сапалы дәреже (индикатор) мен санды деңгейін (параметр) аса зор өлшемге көтеру мүмкіндігін туғызатын жаңашылдық сипатындағы ерекше шешімдер іздеп табудан құралады

- Эмпирикалық (тәжірибелік) ғылым жаңа жетістіктер мен идеяларды шығару үшін көлемді практикалық жұмыс өткізуі керек. Аұпараттың негізгі ағымын тәжірибе барысында лабораторияларда, арнай қондырғыларда өткізілген жұмыстардан алынған нәтижелер құрайды. Ғылыми жұмыстың мұндай түрі үлкен төзімділік, мақсаттану, сәтсіздікке мойымау қабілеті, жылдар бойы көлемді, бір сарынды жұмыстарды жүргізе беру ниеті аса қажет.
- Ғылыми іс-әрекеттің бұл түрінде шығармашылық, қиялдану элементтері теориялық іс-әрекетіне қарағанда әлдеқайда қарапайым. Жеке зерттеушінің үлесі мұндай жұмыста аздау болып келеді.
- Теория мен эмпирика ғылымдары бір-бірін толықтырады және байытады.

- Ғылыми зерттеулер мына түрлерге жіктеледі:

Қоғамдық өндіріске
байланысты
жағынан

Қаржыландыру
көздеріне
байланысты

Мақсатына
байланысты

Халық
шаруашылығының
қажеттілігіне
байланысты

Зерттеу ұзақтығына
байланысты.

- **Қаржыландыру көздеріне байланысты ғылыми зерттеулер:**

- мемлекеттік бюджетті (мемлекет қаржыландырады)
- өндірісті- келісімдік (тапсырыс беуші мекеме)
- қаржыландырылмайтын.

- **Мақсатына байланысты:**

- бастамалы
- қолданбалы
- өндірулер

- Қолданбалы зерттеулер өз кезегінде үш түрге жіктеледі:

- іздеу (объектіге әсер ететін факторларды қалыптастыруға, жаңа техника мен технологияның пайда болуына бағытталған)
- ғылыми зерттеу (жаңа технология, зерттеу құрал-жабдықтарын қалыптастыру мақсатында жүргізіледі)
- жобалық –құрастырушылық жұмыстар (логикалық жобаны сипаттайтын құрастырулардың пайда болуын қадағалайды).
- Өндірулер – қолданбалы және бастамалы зерттеулер нәтижесінде қалыптасқан жаңа ғылыми ақпаратты өндірісте пайдалануға бағытталған үрдіс.

- *Ғылыми зерттеудің мақсаты* – объектіні не құбылысты жан-жақты нақты зерттеу; олардың құрылысын және байланысы мен қатынасын, ғылымдағы принциптері және таным тәсілдері негізінде зерттеу, сонымен қатар өндіріске адамға пайдалы нәтижелерді алу және енгізу болып табылады.
- Кез-келген ғылыми зерттеудің өзінің объектісі мен заты болады. Ғылыми зерттеудің объектісі материалдық немесе идеалдық жүйе болып табылады.

- *Ғылыми зерттеу жұмыстарының кезеңдері:*

Техникалық-экономикалық негіздеу (ТЭН)



Зерттеуге дайындау



Жұмыс жоспары мен зерттеуді өткізу



Зерттеу нәтижелерін енгізу

Медицина ғылымының негізгі терминдері

- Медицина ғылымының сөздік қорының негізгі бөлігі грек, латын тіліндегі лексикадан тұрады. Дүниежүзілік тілдік айналымда жүрген бірнеше жүз мыңдаған медицинаға қатысты терминдер бар. Соңғы ғылыми жаңалықтармен байланысты терминдер жыл сайын медициналық лексикамызға қосылып отырады.
- Бір ғана анатомиялық және гистологиялық атаулар тізімінде 10 000-нан астам термин бар екен. Ағзалардың тек қана функциясын сипаттайтын сөздер саны 20 000-нан артық. Зерттеу әдістеріне, емдеу әрекеттеріне қатысты 40 000-ға жуық сөз бар. Тек ауру атаулары 10 300-ге жуық. Қойылатын диагноздардың түрі – 30 000. Симптомдардың бірнеше онмыңдаған атаулары бар. Бір ғана онкологиялық терминдер саны қазіргі кезде 35 000-ға жетті.

Әлеуметтік медицина және денсаулық сақтауды басқару ғылымының негізгі зерттеу әдістері:

- Тарихи;
- Статистикалық;
- Сараптау;
- Экономикалық;
- Тәжірибелік;
- Медициналық-әлеуметтік.

Қорытынды:

- Қазіргі таңда ғылымның дамуы ғылыми еңбек бөлінуі және бірігуімен, ғылыми мекемелердің пайда болуымен, экспериментті және зертханалық құралдармен тығыз байланысты. Қоғамдық өндіріске белсенді әрекет ете отырып ғылым қоғамдық өмірдің барлық саласын сипаттайды. материалдық өндіріс, экономика, саясатта, басқару ғылымы мен білім алуда ғылым қарқынды түрде дамуы керек.